

6. Повышена значимость обучения государственных служащих, введена обязанность проходить повышение квалификации не реже одного раза в три года, усилена практическая ориентированность программ обучения государственных служащих,

7. Реорганизована система управления государственной службой: созданы Агенство РК по делам государственной службы и Агенство РК по противодействию коррупции.

8. С принятием Закона РК «О противодействии коррупции» от 15.11.2015г. получило дальнейший импульс, системность, комплексность профилактической направленности анти-коррупционное законодательство. Кроме того, были приняты Закон РК «О правоохранительной службе», Закон РК «О специальных государственных органах», которые также способствовали совершенствованию и углублению государственно-служебного законодательства с учетом особенностей отдельных видов государственной службы.

Таким образом, можно с полным основанием констатировать, что программные установки Концепции в части совершенствования института государственной службы получили законодательное решение и практические результаты.

#### Список литературы:

1. О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858. [http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858_)
2. О государственной службе Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V ЗРК. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000416>

## ӨКІЛДІ ОРГАННЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

*Худайбергенова Алмагүл Мыратқызы,  
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,  
Басқару институтының магистранты, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару екі құрылымнан тұрады, бірі атқарушы орган яғни әкімдіктер ал бірі өкілді орган. Жергілікті өкілді орган (мәслихат) — облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Республиканың заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган боып табылады. [1]

Өкілді органдардың қазіргі заманғы дамуы мемлекеттің орнықты дамуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта өкілді органның атауы ғана бар, ал заты жоқ деп санауға болады. Бұл демократиялық қоғамның қалыптасуына кедергі болатынын білдіреді.

Дегенмен, біздің елімізде өкілді органның жұмысы біртіндеп жақсарып келеді. Қазақстанда нақты өзін-өзі басқарудың қалыптасуымен азаматтық қоғам мен әлеуметтік бағдарланған экономиканы қалыптастыру жолымен елді қайта құру процесі едәуір жеделдейді деп күтуге болады.

Әлемдік тәжірибе жергілікті өзін-өзі басқарудың объективті де, субъективті де факторлардың ықпалымен тарихи қалыптасқан алуан түрлі типтері мен нысандары бар

---

---

екенін көрсетіп отыр. Жергілікті билік 5 түрге бөліп, қарастыруға болады: 1. Федералды орталықтандырылмаған жүйе; 2. Унитарлық орталықтандырылмаған жүйе; 3. Наполеон префектуралық жүйесі; 4. Коммунистік жүйе; 5. Колониядан кейінгі жүйе. [2]

Жергілікті өзін-өзі басқарудың нысандары мен әдістерінің эволюциясы азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы бағытында жүреді. Осыған байланысты елдердегі жергілікті өзін-өзі басқару модельдерінің қазіргі түрлері жергілікті дәстүрлерге, мәдениетке, халықтың менталитетіне, елдің экономикалық даму деңгейіне және басқа жағдайларға барынша бейімделген.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы болып табылады.

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік билік органдары Қазақстан халқының конституциялық құқықтарын іске асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және материалдық-қаржылық жағдайлар жасауға міндетті. Бұл қазақстандық мемлекеттілікті дамытудың жалпы стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады.

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде басқарудың төменгі деңгейінің қаржылық және экономикалық дербестігін кеңейту. Жергілікті органдардың жұмысына бақылау орнатуға, олардың іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал ететін қоғамдық институттарды қалыптастыру.

Қазақстандағы мәслихаттар өңірлер – облыстық, Астана және Республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде, сондай-ақ жергілікті деңгейде-облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар деңгейінде жұмыс істейді. Мәслихаттар деңгейіне қарай әр түрлі құзыретке ие. Өңірлік мәслихаттар бюджетті бекітеді және бақылайды, Өңірлік даму бағдарламаларын қарайды, тексеру комиссияларын құрады, бас жоспарларды және құрылыс салу жоспарларын бекітеді, өз өңірінің сенаторларын алқалы түрде (бір өңірдің барлық деңгейдегі мәслихаттарының депутаттары) тандайды және т. б.

Жалпы алғанда, мәслихаттың құзыреті және оның мүмкіндіктері өте шектеулі. Депутаттар мәслихатта тұрақты жұмыс істемейді, тек отырыстарға (сессия) жиналады, сондықтан өкілді органдағы жұмысқа көп уақыт жұмсамайды. Депутаттар өз сайлаушыларымен үнемі кездесулер өткізуге міндетті емес және көбінесе тұрғындар оларды кім ұсынатынын білмейді.

Мәслихаттардың өздері көп жағдайда басқа құрылымдарға тәуелді. Олардың орналасқан орны көбінесе әкімдіктердің ғимараттарында орналасқан және екі құрылым өз жұмысында «біріктіріледі».

Мәслихаттар сайлауы Парламент Мәжілісі сайлауына байланысты өткізіледі. Осындай байламның арқасында сайлауға қатысу ресми түрде жоғары деңгейде қалып отыр, ал мәслихаттарға сайлаудың өзі парламент сайлауы кезінде мүлдем көрінбей, көлеңкесінде қалып келді. Нәтижесінде мәслихаттарға адамдар сайланады, олардың барлығы сайлаушыларға жақсы таныс емес. Ал, қазір Сайлау туралы заңға жаға өзгерістер енгізілуіне сәйкес партиялық тізіммен депутаттар мәслихаттарға сайланатын болады. [3]

Еліміздегі соңғы саяси ахуалдарға көз жүгіртсек партияның күшін нығайтуға бағыттылған, бұл өз кезегінде демократияны арттыруы тиіс деп күтілуде. «Алдағы сайлау

---

---

еліміздің саяси жүйесінің жаңаруын қамтамасыз ететін саяси институттардың дәйекті демократиялануы мен жаңғыртылуына Қазақстанның берік бейілділігін тағы да көрсетеді» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында.

Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіру жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиімділігіне қол жеткізу өзекті тұр. Өкілді органның тиімділігі — бұл жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру процесінде мәслихаттың халқымен, қоғамдық және саяси ұйымдармен, азаматтар бірлестіктерімен белсенді өзара іс-қимыл жасауға бағытталу.

Халық сайлаушыларының негізгі функцияларының бірі — бұл сайлаушылар алдында есеп беруі. Негізінен бұл құбылыс ресми болып келеді. Ал депутаттық қызметті бақылау іс жүзінде жоқ. Депутаттардың қызметі екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады – мәслихатта және өзі мүше болып табылатын партияда. Мәслихат тарапынан депутаттардың қызметін бағалаудың нақты критерийлері жоқ және мүлдем осы тарапта жұмыс жүргізілмеген.

Осылайша, өкілді органның тиімділігін бағалаудың екі нұсқасын анықтауға болады. Біріншісі — депутаттардың қызметі және аппарат қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру. Екіншісі — азаматтық қоғаммен және атқарушы органмен өзара іс-қимыл жасау.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органдары қызметінің саяси тиімділігі олардың құқық шығармашылығы қызметі арқылы мәслихаттың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі, жергілікті басқаруды жүзеге асыру процесінде халықпен және азаматтар бірлестіктерімен, саяси және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейі ретінде.

Әр депутат мәслихаттың ресми сайтында рубрика құру қажет, халықпен байланыс ретінде, және сол жөнінде сайтта тұрақты түрде есеп беру.

Өкілді органда қызмет атқаратын әр мемлекеттік қызметші және депутат өз жауапкершілігін арттырғанда демократиялық қоғамға жасалған бір қадам деп есептеуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>;
2. Местное Правительство, Дуэйн Локкард <https://www.encyclopedia.com/social-sciences-and-law/political-science-and-government/political-science-terms-and-concepts/local-government>
3. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>;
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2 қыркүйек 2019 жыл [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy)